

## ТОО «Нур Мадияр» балабақшасы

1 педагогикалық кеңесте  
қаралды

«Бекітемін»  
ТОО «Нур Мадияр»  
балабақшасының құрылтайшысы  
Аскаровна А.А.  
2024 жылғы қыркүйек



**«Ұлттық құндылықтар – балабақшада»  
Вариативтік оқу бағдарламасы  
3-5 жас ерекшелікке арналған**

Астана 2024

## перспективалық жоспары

| № | Тақырыбы                                        | Мазмұны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                                 | <b>I. «Отбасым-алтын қазынам!»</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 1 | Амандасу түрлері                                | <p>Сөз анасы-сәлем. Сәлемдесу әдебі. Армысыздар (ресми түрде), амансыздар ма, мал-жан аман-ба, сәлеметсіздер ме т.б. <i>Сыйластық.</i> сыпайылық, әдептілік, имандылық т.б. Жас ұрпақты үлкенге де кішіге да «сіз» деп сөйлеуге дағдыландыру. Сәлемдесу маңыздылығын түсіндіру.</p> <p>«Сыйлағаннан не пайда, Сізді қойып сен десе» – дейді Бұхар жырау. <i>Іс-әрекет түрі: Ойын.</i> Сәлемдесу түрлері.</p>                                                                                                                                                                                                                                       |
| 2 | Отбасы мүшелері<br>(қоршаған ортамен таныстыру) | <p>Балаларға отбасы мүшелері туралы, олардың бірбіріне қарым-қатынасы, өзінен үлкен және кіші, қарындастарына көзқарастары туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелеу ұсынылады. Балаларды ынтымақ пен ұйымшылдыққа, бір - біріне жақсылық тілеу.</p> <p><i>Балаға ата-ананың қарым-қатынасы:</i> боташым, ботақаным, құлыншағым, балапаным, қозым, шырағым, қарағым, қарғам, айналайын, айнама т.б. Бұл сөздерде сыйластық пен құрмет бар.</p> <p><i>Баланы қазіргі өмірге бейімдеу.</i> Киім кию үлгісі, тамақтану әдебі, құрбыластарымен, үлкендермен өзара қарым-қатынас т.б.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Сурет бойынша отбасы мүшелерін атау.</i></p> |

|                            |                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|----------------------------|--------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3                          | Үй жиһаздары                                                 | <p>Қазақ халқы ертеде киіз үйде тұрған. Үй мүліктері мен жиһаздары ұлттық қолөнер дәстүрі бойынша көшпелі тұрмысқа лайықталып жасалған. Түрлі материалдардан әзірленетін үй бұйымдары киіз үй кеңістігімен жараса үйлескен. Оларда халықтың сан ғасырлық бай тәжірибелері көрініс тапқан. Үй жиһаздары көп орын алмайтындай және көші-қон кезінде алып жүруге қолайлы болатындай етіп жасалған.</p> <p>Үй жиһаздары - сандық, жағлан, кебеже, жүкаяқ, әбдіре, асадал, ағаш төсек, қол сандық, шай сандық, қобдишалар, төсеніш бұйымдары- кілем, текемет, алаша, сырмақ, құрақ көрпе, жер жастық және заттар мен ыдыс-аяқтарды сақтап, тасымалдайтын бұйымдар - керме, кесеқап, аяққап, қоржын сияқты дүниелерден тұрады.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі:</i> Дәстүрден тыс сурет салу (тіс пастасымен, саусақпен)</p> <p><i>Іс-әрекет түрі:</i> Ойын «Қай жиһаздың орны ауысты?»</p> |
| 4                          | Киіз үй және оның жабдықтары<br>(қоршаған ортамен таныстыру) | <p>Балаларға киіз үй туралы айту, балалардың білімдерін жетілдіру. Киіз үйдің бөлшектерімен таныстыру. Неге киіз үй жиналмалы болғандығына тоқталып айту. Өз ойларын толық жеткізе білуге тәрбиелеу. Киіз үйді қадірлеу, атадан балаға мұра етіп қалдыруға тәрбиелеу</p> <p><i>Іс-әрекет түрі:</i> Ойын «Киіз үй бөліктерін тап»</p> <p><i>Іс-әрекет түрі:</i> Қимылды ойын «Шаңырақ»</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>II. Ұлттық тағамдар</b> |                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 1                          | Ұннан жасалған тағамдар<br>(мүсіндеу)                        | <p>Табиғи таза ақ сазбалшықпен жұмыс жасай білуге үйрету; сәндік өнерге баулу. Қол саусақ моторикасын дамыту. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі:</i> «Аналар мектебі»: үйде дастархан жасауды қыз балаларға көрсетуі, үйретуі.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 2                          | Сүттен жасалған тағамдар.                                    | <p>Төрт түлік малдан өндірілетін сүттің өзіндік жеке қасиеттері, соның ішінде сиыр сүтінен жасалатын тағамдар, оларды дайындау жолдары туралы айтылып, түсіндіріледі.</p> <p>Қазақтың ұлттық сүт тағамдары - сүт, уыз, сары май, айран, қаймақ, қатық, құрт, ірімшік, сүзбе, қымыз, шұбат, шалап. [6]</p> <p><i>Іс-әрекет түрі:</i> Ойын «Сүттен жасалған тағамдарды ата!»</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

|                                        |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----------------------------------------|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                        |                         | <i>Іс-әрекет түрі: Ермексаздан құрт мүсіндеу</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 3                                      | Еттен жасалған тағамдар | <p>Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған. «Астан үлкен емессің», «Ерді қорласаң састырап, асты қорласаң құстырап» деген секілді ескертпе сөздер, мақал- мәтелдер осының дәлелі.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Кеңес «Ас-адамның арқауы!»</i></p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Табақты мүсіндеу, әшекейлеу.</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 4                                      | Наурыз көже             | <p>Наурыз көже – ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Әженің үйіне қонаққа бару, наурыз көже ішіп, танысу.</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>III. Ұлттық ыдыс-аяқтар түрлері</b> |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 1                                      | Кесе                    | <p>Кесе – күйдірілген саздан жасалған шұңғыл ыдыс. Кесенің кішкене түрін – шай ішуге, үлкен түрін қымыз, сусын, сорпа ішуге пайдаланады.</p> <p>Фарфор кесе.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: кесені табиғи сазбалшықтан мүсіндеу.</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 2                                      | Торсық                  | <p>Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Жүні жидітілген теріні қалыпқа салып пішеді де, таспамен тігеді. Торсықты саба сияқты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстайды. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. Ол жоғалып қалмау үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Кейбір торсықтарға арнаулы мүйізшапқымен (ысқышпен) әр түрлі өрнек салынады. [13]</p> <p>Іс-тәжірибе қатысушылар: мектеп жасына дейінгі балалар, тәрбиешілер, балалардың ата-аналары .</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Лэпбук әдісін қолдану арқылы іс-тәжірибемен бөлісу.</i></p> |

|   |          |                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3 | Тостаған | Тостаған өзінің басталуы түркі ағаш ыдысынан алады-тостаған (Пиала түріндегі жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс). Ұзақ жылдар ішінде нысаны мен атауы өзгеріске ұшырады. Тостағанның маңызды физикалық сипаттамасы-ол дайындалған материал және сол материалдың қасиеттері. |
|---|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|   |      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |      | <i>Іс-әрекет түрі: Дәстүрден тыс сурет салу. Тостағанның суретін салу.</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 4 | Күбі | Қымыз, айран, шұбат және ашытылған теріге арналған ағаш ыдыс. Күбі ағаштың тұтас кесегінен немесе емен, тальник, арчадан жасалады. Рейкадан күбі үшін түп орнатылады, рейканың сыртына сақиналармен тартылады. Күбі ағаштың тұтас бөлігі тегіс болуға үшін күйдіріледі. Күбі жіңішке жоғарғы бөлігі, әсем қақпағы бар конус түрінде болады. Қақпақтың ортасында немесе шетінде шуды қаламға арналған тесік бұрғылайды. Сиымдылығы -20-30 л, биіктігі -80 см. Сондай - ақ ағаштан кіші мөлшердегі ыдыс- күршек шығарады<br><i>Іс-әрекет түрі: Сурет бойынша әңгімелеп беру</i> |

#### IV. Ұлттық киімдер

|   |                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---|---------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Ұлттық киімдер                              | Сыртқы (өң) киімдер: жадағай шапан, жарғақ, күпі, сырмалы шапан, тайжақы, тон, шапан, шидем, ішік. Сулық киімдер: аба, кебенек, кенеп, сырттық, шекпен. Ерлердің бас киімдері: башлық, бөрік, далбай, жалбағай, жекей тымақ, күлапара, қалпақ, құлақшын, малақай, мұрақ, тақия, тымақ, шалма. Балаларды қазақтың ұлттық киімі – сәукелемен таныстыру және оны ою-өрнектермен әшекейлей білу ұсынылады. Балаларды өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br><i>Іс-әрекет түрі: «Ұлттық құндылықтар – ұлттық киімде» (ұлттық киімдер көрсетілімі)</i> |
| 2 | Қазақша бүрмелі көйлек<br>(сәндік мүсіндеу) | <b>Алдын ала жұмыстар:</b> Аналардың қолөнері: Қыз баланың қазақша бүрмелі көйлегін үйде балалармен қарастыруға тапсырма беру.<br>Сәндік қолданбалы өнер түрімен таныстыру; қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда, мүсіндеуде қолдана білуді үйрету; қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ұлттық өнерді қадірлеуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                         |

|   |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|---|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                     | <i>Іс-әрекет түрі: Сәндік мүсіндеу</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 3 | Бас киімдер (сәукеле, тақия, тымақ) | Қазақтың ұлттық бас киімдері түрлерінің сан алуандығымен ерекшеленіп келді. Қазіргі уақытта да ұлттық бас киім түрлері азая қойған жоқ. Тақия, бөрік, тымақ, сәукеле, кимешек – бұлар қазақтың танымал ерлер мен әйелдерге арналған бас киім түрлері. Соған сай ерекше бағаланатын ерекше кәмшат бөрік, құндыз бөрік, жанат бөрік, қарсақ бөрік, сусар бөрік, түлкі бөрік, күзен бөрік және оқалы бөрік, деп аталатын |

|                                                 |                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------------------------------------------------|-------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                 |                               | түрлері ертеректе әркімнің ұнатып киетін баскиімі болғанға ұқсайды.<br>Ұлдарға арналған бас киім түрлері.<br>Қыздарға арналған бас киім түрлері <i>Іс-әрекет түрі: Бас киімдер шеруі</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 4                                               | Аяқ киім (саптама етік, мәсі) | Аяқ киім түрлері: Мәсі – пошымы етікке ұқсайды. Оның етіктен айырмасы: өкшесі болмайды әрі табаны, қонышы жұмсақ теріден тігіледі. Сыртынан кебіс киеді. Байпақ – қысты күні, етіктің өзін ғана қисең, суық өтеді. Сондықтан, көшпенділер былғары етіктің ішінен қозы жүнінен басылған байпақ киген. Шәркей – көннен тігілген жеңіл аяқ киім. Үй ішінде киіп жүруге шақталған. (Кроссовки ғой, кәдімгі)<br>Шоқай – көн теріден бүріп тігілген жұмысқа киетін жеңіл аяқ киім.<br>Шабата – жөкеден, талдан тоқылған жаздық жеңіл аяқ киім. Боршын – қоғадан тоқылған жазғы аяқ киім. Башмақ – үй ішіне киетін өкшесіз жеңіл аяқ киім. [23]<br><i>Іс-әрекет түрі: Ойын «Етікші қанша етік тікті?»</i><br><i>Іс-әрекет түрі: Жапсыру «Мәсі»</i> |
| <b>V. «Ұлттық ою-өрнек, зергерлік бұйымдар»</b> |                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

|   |                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Қазақтың ұлттық ою-өрнегі                                | <p>Ою-өрнек. Ою-өрнектердің түрлері. Өрнектердің түстері мен бояулары. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Ою-өрнек элементтері: «Қошқармүйіз», «Түйетабан», «Құсқанаты», «Ирек», «Ирексу», «Тұмарша» ою-өрнектің түр-түсіне, әсемдігіне, орналастыру тәртібіне назар аудару.</p> <p>Алдын ала жұмыстар: Ұлттық құндылыққа арналған тәрбие қолөнері: Ою-өрнектер кілемшелерге салу. <i>Іс-әрекет түрі: Үштік одақ ( ата-ана, тәрбиеші, бала) болып: кестелеу әдісін қолдану арқылы шығармашылық жұмыс</i></p> |
|   | «Кілемше» (Эбру техникасымен суда ою-өрнек суретін салу) | <p>Қазақтың ұлттық бұйымдар ою - өрнек туралы мағлұмат беру, ұлттық ою - өрнектер элементтерімен композиция құру шеберлігін дамыту, Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру. Балалардың қызығушылығын арттыру арқылы, шығармашылық қабілетін дамыту. Балалардың есте сақтауын, жылдамдық, шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Балаларды халық мәдениетіне</p>                                                                                                                                                                                                              |

|   |                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                          | <p>үйрету, қазақ халқының ою-өрнектерімен және әдет-ғұрыптарын тереңірек ашу, патриоттық тәрбие беру.</p> <p><b>Алдын ала жұмыстар:</b> Ұлттық құндылыққа арналған тәрбие қолөнері: Ою-өрнектер кілемше жасау. <i>Іс-әрекет түрі: Үштік одақ ( ата-ана, тәрбиеші, бала) болып Эбру техникасымен суда сурет салу.</i></p>                                                                                                                                       |
| 2 | Киіз басу. Әжелер өрнегі | <p><b>Алдын ала жұмыстар:</b> шебер әжелеріміздің ұмытылып бара жатқан қолөнерін жаңартып жаңғырту, бізге қалдырған асыл мұра туралы әңгімелесу, бейнероликтер қарау.</p> <p>Жүнді түтіп, сабынды су құйып басуды көрсету.</p> <p>Қазақтың ұлттық бұйымдары сырмақ туралы әңгімелеу. Бояу түрлерін ажырата отырып, сырмақты әшекейлеуді көрсету. Шығармашылыққа тәрбиелеу.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Бейнебаяннан «Киіз басу» сюжетін көру, киіз басу.</i></p> |

|   |                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3 | Сандықты әшекейлейміз<br>(жапсыру) | <b>Алдын ала жұмыстар:</b> Ұлттық тұтынатын бұйымдар, киімдер ою-өрнектерге назар аударту. Ою-өрнек қию әдістеріне жаттықтыру. Ою- өрнек элементтерін ажырата білуге түрлі-түсті қағаздардан қос бүктеу тәсілімен қиып жапсырып. <i>Іс-әрекет түрі: Сандықты әшекейлейміз</i> |
| 4 | Білезік-зергерлік бұйым            | Қазақ зергерлері негізінен әйелдердің сәндік әшекей заттарын (сырға, жүзік, шолпы, алқа, білезік т.б.) алтынмен аптап, күміспен күштеп, зерлеп, әшекейлеген.<br><i>Іс-әрекет түрі: Білезікті мүсіндеу.</i>                                                                    |

#### VI. Төрт түлік мал

|   |                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|---|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Жылқы-үй жануары          | Жылқы- өте жүйрік жануар. Жылқының иесі, пірі- Қамбар ата. Жылқының төлі «құлын» деп аталады. Бие-аналық жылқы. Биенің сүтінен - қымыз дайындалады. Қымыз денсаулыққа өте пайдалы шипалы сусын. Жылқы кісінейді, жылқыны «құркұр» деп шақырады. Жылқыны көлік ретінде қолданады.<br><i>Іс-әрекет түрі: Ойын «Жануарлар қалай дыбыс шығарады?»</i>     |
| 2 | Мал өсірсең – қой өсір... | Төрт түлік малдың бірі - қой туралы түсініктерін жетілдіру; қозы, тоқты, қошқар т.б қой атауларымен олардың ерекшеліктерімен таныстыру, қойдың адам өміріндегі пайдасы туралы, оларды бағу, күту туралы түсінік беру. Қой - момақан жануар. Қойдың иесі, пірі – Шопан ата. Қойдың төлін «қозы» деп атаймыз. Қой маңырайды. Қойды «пұшайт-пұшайт!» деп |

|   |                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                   | шақырады. Қойдың жүнін қырқады, жүннен киімдер, әртүрлі бұйымдар тоқиды.<br><i>Іс-әрекет түрі: Дәстүрден тыс қойды жапсыру (мақта, таяқша қолдану арқылы)</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 3 | Сиыр - үй жануары | Сиыр өте пайдалы жануар, мал. Сиырдың иесі, пірі – Зеңгі баба. Сиырдың төлін «бұзау» деп атайды. Сиырдың сүтінен ақ тағамдар – құрт, ірішік, май, айран, қаймақ, т.б. тағайындайды, етін жейді. Сиыр мөңірейді. Сиырды «әукім-әукім!» деп шақырады. Сиырдың сүтін ішеміз, сүт кальций, магний және басқа минералдарға өте бай. Сүттен айран, май, қатық, қаймақ, құрт жасалынады.<br><i>Іс-әрекет түрі: Сюжетті желілі-рөлдік ойын «Сүт тағамдары дүкені»</i> |

|   |                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Түйе-ірі қара мал | Түйе – ірі қара мал. Түйенің иесі, пірі - Ойсылқара. Түйенің төлін «бота» деп атайды. Түйе боздайды. Түйені «көс-көс» деп шақырады. Түйенің сүтінен шұбат дайындалады. Түйені көбінде жүк артуға пайдаланады. Түйе өте шыдамды жануар. Ол 40 күн су ішпей шыдайды.<br><i>Іс-әрекет түрі: « Аналар мектебі»: шұлық тоқу</i> |
|---|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## VII. Менің елім-Қазақстан!

|   |                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---|------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Менің елімнің рәміздері<br>( <i>Көркем әдебиет</i> ) | Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру; әр рәміздің мән- мағынасын түсіндіру; өз елінің тарихын білуге қызығушылықтарын арттыру<br><i>Іс-әрекет түрі: Әнұран орындау, Рәміздер туралы тақпақтар жатқа айту.</i>                                                                                                                                                                        |
| 2 | Қазақ халқының ертегілері                            | Қазақ халық ертегілері - ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра. Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиялғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді. [19]<br><i>Іс-әрекет түрі: Мобильді кітапхана QR – код арқылы ертегілерді оқу.</i> |
| 3 | Ұлттық аспаптар                                      | Қазақтың ұлттық аспаптары дыбыс ерекшелігіне қарай ішекті-шертпелі, үрмелі, ұрмалы деп бөлінеді. Ішекті-шертпелі аспаптарға домбыра, жетіген, шертер, қылқобыз жатады. Үрмелі аспаптар – қамысты қос сырнай, саз сырнай, үскірік, тастауық, керней, сыбызғы. Ұрмалы аспаптар қатарында кепшік, даңғыра, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, асатаяқ, қоңырау бар.                                        |

|   |                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---|----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Мақал-мәтелдер | Мақал — нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі.<br>Мәтел — өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. |
|---|----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## VIII. Ұлттық- салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар

|   |                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Балаға ат қою   | <p>Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен адам болсын деген үмітпен ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға ат қоюға қолқа салады. Нәрестенің атаәжесі сәбиге атты солар қояды. Кейде жастармен келісе отырып, бала есімін үлкен кісілер таңдайды. Балаға есім үш күн ішінде берілуі құпталады. Ауылдың беделді азаматы сәбиді қолына алып, азан шақырып, ағайын-туыспен бірге таңдалған есімді сәбидің құлағына азан шақырып, қояды.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: «Әкелер мектебі»: Балаға ат қою рәсімін көрсету</i></p>                                                                                                     |
| 2 | Бесікке бөлеу   | <p>Бесікке салу — нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Дәстүрлі ортада қол-аяғы түзу, қалыпты жетілу үшін баланы шыттан тігілген матамен жөргекпен <b>бесікке</b> бөлейді.</p> <p>Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: «Әжелер мектебі»: Бесікке бөлеу рәсімін орындау</i></p>                                                                                                                                                                                                  |
| 3 | Тұсау кесу      | <p>Тұсаукесер – сәби бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалынатын дәстүр . Бала екі табанымен тұрып, алғашқы қадам жасауға талпына бастаған сәтте-ақ дана қазақ “баламыз тез жүріп кетсін” деген ниетпен, сәбидің тұсауын кестіріп, думандатын той жасайды. [15] Тұсау кесер жырын айту.</p> <p><i>рәсімі</i></p> <p><i>Іс-әрекет түрі: «Тұсау кесу»</i></p>                                                                                                                                                                                                                                   |
| 4 | Наурыз-жыл басы | <p>Наурыз - күн мен түннің теңеліп, табиғаттың жаңаратын, бәріміз үшін берекенің бастауы болған мейрам. Тамыры тереңге кеткен мереке-халқымыздың болмасы, ырысы мен бірлігі, өнері мен мәдениеті, дәстүрімізбен діліміздің өзегі. Бұл күні адамдар өзара өкпе-назын ұмытып, кешірімге жасап, татуласқан. Ақ дастарқан басында ақжарқын көңілмен қауышып, жеті түрлі дәмнен тұратын наурыз көжеден дәм татқан. Тал көшеттері егіліп, бұлақ көзі ашылатын болған. Көктемнің жаңару күнінде айнала тазартылып, топыраққа дән түскен.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Ата-аналардың қатысуымен «Наурыз мерекесі» іс-шарасын өткізу</i></p> |

| <b>IX. Жеті қазына-байлық!</b> |                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------------|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                              | Жеті қазына деген не?      | <p>Қазақ халқы жеті қазына деп - ер жігіт, сұлу әйел, жүйрік ат, берен мылтық, құмай тазы, қыран бүркіт және ғылым-білімді айтады. Ер жігіт Отанын қорғайды, сұлу жар ошағын қорғайды. Жүйрік ат жауға қалдырмайды, берен мылтық қолды талдырмайды. Құмай тазы мен қыран бүркіт саятшылықтың көркі. Ал соның бәрін ақылмен басқарып, игілігін көру үшін ғылым - білімді игермек керек.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Ойын «Реттік орнын тап»</i></p> |
| 2                              | Ер жігіт. Сұлу әйел        | <p>Нағыз жігіттің жеті қазынасы толық болуы шарт. Ер жігіттің жеті қазынасы: Ер жігіт. Сұлу әйел. Ақыл, білім. Жүйрік ат. Қыран бүркіт. Берен мылтық. Құмай тазы.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Ермексаздан Ер жігіттің, сұлу әйелдің сұлбасын жасау.</i></p>                                                                                                                                                                                        |
| 3                              | Жүйрік ат, құмай тазы      | <p>Жүйрік ат, құмай тазы- жеті қазынаның бірі, олармен танысып, сипаттама беруге дағдыландыру, сұраққа жауап беру дағдыларын дамыту, сөздік қорларын арттыру, мақал-мәтел айтуға машықтандыру, сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Ермексазбен иттің дене бөліктерін мүсіндеп, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету. Ермексазбен ұқыпты, таза жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: Ермексаздан итті мүсіндеу</i></p>           |
| 4                              | Қыран бүркіт, берен мылтық | <p>Қыран бүркіт, берен мылтық туралы, жеті қазына туралы білімдерін арттыру, сұраққа жауап беру дағдыларын дамыту, сөздік қорларын көбейту, суреттерді дұрыс бояуға қолдарын жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p><i>Іс-әрекет түрі: «Мига шабуыл» әдісі. Суреттегі бейнеленген не?</i></p>                                                                                                            |